

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

№39 Л. Жолдасов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Менің елім—Қазақстан»

Мәнерлеп оқу сайысы

Күні: 23. 11.2023 жыл
Сыныбы: 3-4 сыныптар

«Менің елім—Қазақстан» мәнерлеп оқу сайысы

Мақсаты: Оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту,

Түрі: Өлеңді мәнерлеп оқу сайысы

Көрнекілігі: Қанатты сөздер, суреттер

Барысы:

1- жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұстаздары мен ұрпақтары!.

Талай ғасырлар бойы ата-бабаларымыз еркіндік пен тәуелсіздік таңын аңсап келген. Көксеген арманға XX ғасырдың соңына қарай қол жеткіздік. Соның арқасында бүгінгі таңда өз бағыт-бағдарын ұстанған, өркениетті елдер мойындаған жеке мемлекетке айналдық.

2 -жүргізуші:

Тәуелсіздік жолында талай жандар құрбан болып, елім деп еңіреп өткені белгілі. Талай кезең қиын-қыстау, қуғын-сүргінді ата-бабаларымыз басынан кешті. «Біз Қазақстанның тәуелсіздігінің оңайлықпен келмегенін біліп оны қадірлеуіміз керек. Әрбір Қазақстанның азаматы мақтанышпен Елтаңбаны, Әнұранды, Туды көтеруі керек. Әрбір азамат өз Отаны үшін еңбек етуге, жанын қиюға міндетті»-деген.

• жүргізуші:

Туған жердей жат жердің болмайтыны – ақиқат,

Оған көңілің ешқашан толмайтыны – ақиқат.

Алтын торда алтын құс өсірсен де, бұлбұл құс

Өскен бағы болмаса, қонбайтыны –ақиқат, — деп сайысымызды бастаймыз.

2 -жүргізуші:

Сайыс екі кезеңнен тұрады.

1-кезең-«Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас» дегендей

Туған жер ,Отан туралы ақын , жазушылардың өлеңдерін оқиды.

2-кезең- «Мен жас ақынмын» өз өлеңдерін оқиды.

1- жүргізуші:

Жас талапкерлерге өздерінің әділ бағаларын беру үшін әділ-қазылар алқасын сайлап алайық:

1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары- Р. Мустапаева

2.Тәрбие ісінің меңгерушісі-С.Төреханов

3.Бастауыш сынып мұғалімі- П. Мамасерикова

2 -жүргізуші:

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым

Алабыңнан арманыма нәр алдым.

Тұнығыннан жүзіп іштім сендегі
Алтын арай таңғы жұпар самалдың. – дей келе мәнерлеп оқу сайысына
қатысушыларды таныстыра кетейік. Бұл сайыс 3-4 сыныптар аралығында
өтеді. Олар:

1. 3 «А» сынып оқушылары –
2. 3 «Б» сынып оқушылары –
3. 4 «А» сынып оқушылары –
4. 4 «Б» сынып оқушылары –

1-Жүргізуші:

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы,-демекші, сөзді оқушыларға береміз.
1-нөмірлі сайыскерлерімізді кезегімен шақырамыз.
2- нөмірлі сайыскерлерімізді кезегімен шақырамыз.
3-нөмірлі сайыскерлерімізді кезегімен шақырамыз.
4-нөмірлі сайыскерлерімізді кезегімен шақырамыз.

2 -жүргізуші:

2-кезең «Отан, Қазақстан, Туған жер туралы шығарған өз өлеңдерін оқу.

1-Жүргізуші:

Сайыскерлерге өздерінің әділ бағаларын беріп, марапаттау үшін сөз кезегін
әділ-қазыларға береміз.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Р. Мустапаеваға сөз
кезегін береміз.

2 -жүргізуші:

Тәуелсіз Қазақстан – ұлы Отаным,
Көк туымды қалайша құлатармын.
Тып-тыныш тұрып жатқан жайымыз бар,
Бәріміз баласындай бір атаның.
Елімізде бақ-береке, ырыс болсын,
Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын.
Халқымның ахуалы дұрыс болсын
Отанымыз әрқашанда тыныш болсын! – деп «Менің Отаным – Тәуелсіз
Қазақстан» атты мәнерлеп оқу сайысын аяқтаймыз.

